

## Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының тәртіптік кеңестерінің кейбір мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 13 желтоқсан N 1311. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 28 шілдедегі N 785 қаулысымен

"Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 21 маусымдағы N 895 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Облыстың, Астана және Алматы қалаларының тәртіптік кеңесі туралы үлгі ереже бекітілсін.

2 . < \* >

*Ескерту. 2-тармағының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1324 қаулысымен . (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)*

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

- 1) тәртіптік кеңестер туралы жаңа ережелерді бекітсін;
- 2) жергілікті бюджетте бекітілген әкімнің аппаратын қоса алғанда, мемлекеттік органдардың әкімшілік шығындары шегінде облыстар, Астана және Алматы қалалары тәртіптік кеңестерінің хатшылықтарын қалыптастыру үшін осы қаулының 2-тармағында көзделген қосымша штат бірліктері енгізілсін.

4. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының тәртіптік кеңестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 наурыздағы N 218 қаулысының 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 8, 61-қ ұ ж а т ) ;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 наурыздағы N 218 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 ақпандағы N 206 қаулысының үшінші-алпысыншы абзацтары (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 6, 65-құжат).

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 13 желтоқсандағы

№ 1311 қаулысымен

бекітілген

**Облыстың, Астана және Алматы қалаларының тәртіптік кеңесі туралы үлгі ереже**

*Ескерту. Мәтінде "Комиссия", "Комиссияның", "Комиссиямен", "Комиссияны" деген сөздер тиісінше "Агенттік", "Агенттіктің", "Агенттікпен", "Агенттікті" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 19.05.2004. № 556 қаулысымен .*

Осы Ереже облыс, Астана және Алматы қалалары тәртіптік кеңесінің мәртебесін, өкілеттіктерін және оларды ұйымдастыруды әрі қызметінің тәртібін айқындайды.

1. Облыстың, Астана және Алматы қалаларының тәртіптік кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) қызметін үйлестіретін, бақылайтын және тексеретін консультативтік-кеңесші орган болып табылады. <\*>

*Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.05.2004. № 556 қаулысымен .*

2. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына , Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, осы Үлгі ережеге сәйкес жүзеге асырады және заңдылық, ақиқаттылық әрі әділдік қағидаттарын басшылыққа алады.

3. Кеңестің негізгі міндеттері мыналар:

1) облыстар, Астана және Алматы қалалары, өзге де әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар, құқық қорғау органдары және басқа да аумақтық мемлекеттік органдар (бұдан әрі - мемлекеттік органдар) және мемлекеттік ұйымдар басшыларының қарауына осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген адамдарды тәртіптік жауапкершілікке әкеп соқтыратын Қызметтік этика ережесін бұзғаны немесе сыбайлас жемқорлық жасап құқық бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсынымдар енгізу; <\*>

2) әкімдер мен мемлекеттік органдардың басшыларына тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінде мемлекеттік тәртіпті нығайту, осы Ереженің 9-тармағында аталған адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен Қызметтік этика ережесі талаптарын сақтауы жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этиканы сақтауы мәселелері жөніндегі комиссияның және Агенттіктің тапсырмаларын, азаматтардың арыздарын, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламаларын, сондай-ақ өзге де көздерден алынған сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен Қызметтік этика ережесінің бұзылу фактілері туралы ақпаратты қарау;

4) Агенттіктің қарауына сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ұйымдастырудың және осы Ереженің 9-тармағында аталған адамдардың Қызметтік этика ережесін сақтауының тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар

енгізу ;

5 ) < \* >

*Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.05.2004. N 556 қаулысымен .*

4. Кеңесті әкімдік құрады әрі ол төраға мен мәслихаттар депутаттары, жергілікті жұртшылық өкілдері және аумақтық мемлекеттік органдар басшылары болып табылатын Кеңестің мүшесінен тұрады. Кеңес мүшелерінің саны так болуға және 7 адамнан кем болмауға тиіс. <\*>

Кеңестің төрағасын әкім Агенттік төрағасымен келісім бойынша қызметке тағайындайды және қызметтен босатады әрі ол облыс, Астана және Алматы қалалары әкімінің орынбасары лауазымына теңестіріледі.<\*>

Кеңес төрағасы мен Кеңес хатшылығының қызметкерлері мемлекеттік қызметшілер болып табылады.

Әкім аппараты жалпы санының есебінен құрылатын оның хатшылығы Кеңестің жұмыс органы болып табылады. Хатшылықтың санын әкім Агенттік төрағасының ұсынысы бойынша белгілейді.

Облыс, Астана және Алматы қалаларының әкімі аппаратының бөлім меңгерушісі лауазымына теңестірілетін Кеңестің хатшысы Кеңес хатшылығының меңгерушісі болып табылады.

Хатшылықтың қызметкерлері мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

Кеңестің мүшелері өз міндеттерін қоғамдық негізде жүзеге асырады және мәжілістерге ауыстыру құқығынсыз қатысады.

*Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.05.2004. N 556 қаулысымен .*

5. Кеңестің төрағасы :

- 1) Кеңестің жеке құрамы бойынша ұсыныстарын әкімнің қарауына енгізеді;
- 2) Кеңес қызметін ұйымдастырады және оған басшылықты жүзеге асырады;
- 3) Кеңес мәжілістерінің күн тәртібін белгілейді;
- 4) Кеңес мәжілістерін шақырады және оларға төрағалық етеді;

5) Кеңес мүшелері ішінен Кеңес мәжілісінде қаралатын нақты мәселе бойынша баяндамашыны белгілейді;

6) тоқсан сайын Агенттік алдында Кеңес жұмысының қорытындысы туралы, соның ішінде мемлекеттік қызметшілер жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық бойынша қабылданған шаралар туралы есеп береді;

7) тоқсан сайын әкімді Кеңес жұмысының қорытындылары туралы хабардар етеді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оған берілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

#### 6. Кеңестің мәжілістері:

1) егер оларға Кеңес мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, құқылы болып саналады;

2) қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде екі айда бір рет өткізіледі;

3) ашық өткізіледі, қажет болған жағдайда, егер қаралатын мәселелер мемлекеттік құпияларды қозғаса, Кеңес төрағасының шешімі және Агенттікпен келісім бойынша жабық өткізілуі мүмкін.

7. Кеңес оның мүшелерінің мәжіліске қатысқан санының қарапайым көпшілік дауысымен шешімдер қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

Кеңес төрағасы болмаған жағдайда оның тапсырмасы бойынша мәжілісте Кеңес мүшелерінің біреуі төрағалық етеді.

8. Кеңес өз құзыреті шегінде мыналарға құқылы:

1) өз мәжілістерінде мемлекеттік органдардың, олардың бөлімшелері мен мәслихаттар аппараттарының басшылары мен лауазымды адамдарын тыңдауға;

2) қолданыстағы заңнамаға сәйкес жергілікті атқарушы, құқық қорғау және аумақтық мемлекеттік органдардан, мәслихаттар аппараттарынан, сондай-ақ өзге де ұйымдардан олардың алдына қойылған міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттарды, материалдарды және ақпаратты сұратуға;

3) осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген адамдардан ауызша және жазбаша түсіндірме талап етуге;

4) осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнама нормаларын және Қызметтік этика ережесін бұзуы фактілері бойынша тексерулер және қызметтік тергеулер жүргізу туралы мемлекеттік органдар басшыларына ұсыныстар енгізуге;

5) қорытынды беру үшін сарапшылар мен мамандарды, мемлекеттік органдар қызметкерлерін тартуға;

6) Агенттіктің аумақтық органдарымен бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы теріс қылықтарды қарау мәселелері бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асыруға.

*Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.05.2004. N 556 қаулысымен .*

8-1. Кеңестің жұмыс органы өз құзыреті шегінде Кеңес төрағасының өкімімен тексерулер жүргізеді, осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген адамдарға қатысты тәртіптік істерді қарау үшін материалдар дайындайды және Кеңес алдында тұрған міндеттерді қамтамасыз ету үшін өзге де функцияларды жүзеге асырады .

*Ескерту. 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 19.05.2004. N 556 қаулысымен .*

9. Кеңес сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және Қызметтік этика ережесін бұзуға жол берген аудандардың (облыстық маңызы бар қалалар), республикалық маңызы бар қаладағы аудандардың (астананың), аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдеріне; орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің және жергілікті сот кеңселерінің (басшылар мен олардың орынбасарларынан басқа), жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдардың әкімшілік мемлекеттік қызметшілеріне, сондай-ақ тәртіптік жауапкершілікке әкеп соғатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасаған мемлекеттік органдардағы, жергілікті басқару органдары мен мемлекеттік ұйымдардағы немесе жарғылық капиталындағы мемлекеттік меншіктің жалпы үлесі кемінде отыз бес пайыз құрайтын ұйымдардағы мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті өзге де адамдарға және оларға теңестірілген адамдарға қатысты тәртіптік істерді қарайды. Кеңес прокуратура, ұлттық қауіпсіздік органдары, Президенттің Күзет қызметі мен Республикалық ұлан қызметкерлеріне қатысты тәртіптік істерді қарамайды. <\*>

*Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.05.2004. N 556 қаулысымен .*

10. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этиканы сақтауы мәселелері жөніндегі комиссияның және Агенттіктің тапсырмаларын, азаматтар мен заңды тұлғалардың арыздарын, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламаларын қараудың қорытындылары бойынша Кеңес уәкілетті органға немесе лауазымды тұлғаға тексеру жүргізуді ұсынуы мүмкін. <\*>

*Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.05.2004. N 556 қаулысымен .*

11. Кеңес төрағасы қозғаған тәртіптік істі ол іс қозғауға қабылданған күнінен бастап екі аптаға дейінгі мерзімде Кеңес қарауы тиіс. <\*>

Кеңестің отырысында тәртіптік істі қарағанға дейін оның хатшылығымен

алдын-ала бір айға дейінгі мерзімде іске қатысты мән-жайлар мен мәліметтер зерделенетін тексеру жүргізіледі, тәртіптік жауапкершілікке тартылатын адамдардан жазбаша түсініктемелер талап етіледі, ал Кеңестің отырысында тәртіптік істі қарау, әдетте, олардың қатысуымен өтеді. <\*>

*Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.05.2004. N 556 қаулысымен .*

12. Тәртіптік істі қараудың қорытындылары бойынша Кеңес мынадай шешімдердің біреуін шығаруы мүмкін:

1) мемлекеттік органдар мен мемлекеттік ұйымдардың басшыларына осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген адамдарға тиісті тәртіптік жаза қолдануды ұ с ы н а д ы ; < \* >

2) шын мәнінде шешім қабылдау үшін тәртіптік іс материалдарын құзыретті мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның қарауына жібереді;

3) тәртіптік істі тоқтатады.

*Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.05.2004. N 556 қаулысымен .*

13. Осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген адамның іс-әрекетінде қылмыс белгілері болған жағдайда Кеңес тиісті құжаттар мен материалдарды белгіленген тәртіппен осы адамды қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы мәселені шешу үшін құқық қорғау органдарына жібереді. Кеңес материалдар мен құжаттардың құқық қорғау органдарына жіберілгені туралы Агенттікті хабардар етеді.

14. Кеңес қабылдаған шешіммен келіспеген мемлекеттік қызметшілер мен осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген өзге де адамдар оған Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шағым беруге құқылы. <\*>

*Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.05.2004. N 556 қаулысымен .*

15. Кеңес пен оның хатшылығы қызметін материалдық-техникалық, ұйымдастырушылық және ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуді облыс, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің аппараттары жүзеге асырады.